



GreenBean сауда маркасы

Үлгісі/артикулы Fresnel 150 LED X3 DMX; Fresnel 200 LED X3 DMX; Fresnel300 LED X3 DMX

**Жарықдиодты жарықтандырғыш
GreenBean Fresnel 150 LED X3 DMX**

**Жарықдиодты жарықтандырғыш
GreenBean Fresnel 200 LED X3 DMX**

**Жарықдиодты жарықтандырғыш
GreenBean Fresnel 300 LED X3 DMX**



4826786

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

Сізге GreenBean сауда маркасының тауарын таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Жұмыстарды бастар алдында пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны анықтамалық материал ретінде сақтап қойыңыз. Жабдықты нұсқаулыққа сәйкес пайдаланбау оның сынуына әкелуі мүмкін екендігін, ол үшін өндіруші жауапты болмайтынын есте сақтаңыз. Құрылғымен жұмыс істеу жөніндегі толық ақпарат сонымен қатар gbvideo.ru сайтында келтірілген. Осы нұсқаулық пен сайтта сәйкессіздіктер бар болғанда, сайттағы ақпаратты басым ретінде пайдаланыңыз, өйткені ол жедел жаңартылады.

Өндіруші бұйымның құрылымына оның тұтынушылық қасиеттерін нашарлатпайтын өзгерістерді, осы нұсқаулыққа өзгерістерді енгізбей-ақ, енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Құрылғыда өз бетімен қызмет көрсетуді қажет ететін бөліктері жоқ, сондықтан оны бөлшектемеуді сұраймыз. Өз бетімен жөндеу кепілдіктен айырылуға әкеледі

■ Бұйымның мақсаты

Френель линзасы бар студиялық жарықдиодты Fresnel LED X3 DMX жарықтандырғышы фокустау мүмкіндігі, қуатты электронды басқаруы және DMX-басқаруы бар бағытталған біркелкі жарық ағынын алуға мүмкіндік береді. Негізгі сурет салушы және контурлы жарық, фон жарықтандыруы, жарқырауларды түзу, студиялық бейнетүсірімде, кинофильмдерді түсіруде немесе ТБ-бағдарламаларда бөлшектерге назар аудару көзі ретінде пайдаланылады. Түсті жіберу коэффициентінің жоғары мәні (CRI>93), DMX жарықтандыруын бағдарламалық қашықтан басқару жүйесінің құрамында жұмыс істеу мүмкіндігі, шудың төмен деңгейі осы жарықтандырғыштарды кәсіпқой бейнетүсірімде, киноөндірісте және сахыналық жарықтандыру үшін пайдалану мүмкіндігін береді.

■ Қауіпсіздік бойынша ескертулер

Құрылғының бұзылуына немесе өзінің не басқалардың денсаулығына зиян келтіруге жол бермеу үшін құрылғыны пайдаланар алдында төменде келтірілген барлық сақтық шараларымен танысуды сұраймыз. Қауіпсіздік техникасы бойынша осы ұсынымдарды пайдаланушылар үшін ыңғайлы жерде сақтаңыз.

Студиялық жарықдиодты GreenBean Fresnel LED X3 DMX жарықтандырғышы күрделі техникалық құрылғы болып табылады және тек қана мақсаты бойынша және тек қана білікті персоналмен пайдаланылуы мүмкін. Құрылғыны бөлшектеуге немесе қандай болса да түрде өзгертуге тырыспаңыз. Бұл электр тоғымен зақымдануға немесе құрылғы жұмысының бұзылуына әкелуі мүмкін. Егер бұзылу құрылғының құлауының немесе басқа оқиғаның нәтижесінде орын алған болса, ақаулы құрылғыны тексеру және оған техникалық қызмет көрсету үшін авторизацияланған сервистік орталыққа жіберу қажет.

Пайдаланға кезде аспаптың тиімді салқындауына қажет желдеткіш саңылауларды жаппаңыз.

Аспап жұмыс істеп тұрғанда және сөндіргеннен кейін толығымен суымағанша жарықдиодқа және құрылымның жақын орналасқан элементтеріне қол тигізбеңіз. Жұмыс кезінде олар жоғары температураға дейін қызады және олармен түйісу ауыр күйіктерге әкеледі.

Көздердің зақымдану қауіпіне жол бермеу үшін іске қосылып тұрған жарықдиодқа тура қарамаңыз.

Жарықтандырғышты жұмыс жайғасымға орналастырғанда күш түсетін құрылғы тұрақтылығының сенімділігіне көз жеткізіңіз, барлық бекіткіш элементтерді, олардың жарамдылығын және бұрандалы қысқыштардың тартылуының жеткіліктігін тексеріңіз. Жарықтандырғышты асып қою тәсілімен орнатқанда жарықтандырғыш корпусын күш түсетін құрылыммен қосымша қосу үшін сақтандырғыш сымарқанды пайдаланыңыз. Құрылғыны ылғалдан сақтандырыңыз, су қолдарыңызды тигізбеңіз, судың немесе атмосфералық жауын-шашынның әсер етуіне жол бермеңіз. Осы сақтандыру шарасын сақтамау тұтануға немесе электр тоғымен зақымдануға әкелуі мүмкін.

Жоғары температуралардың әсер етуіне жол бермеңіз. Жұмыс істеп тұрған жарықтандырғышты жылыту аспаптарына жақын немесе аспап корпусы қосымша қызуы мүмкін болатын басқа жерлерде жайғастырмаңыз. Егер жарықтандырғыш ұзақ уақыт ішінде пайдаланылмайтын болса, оны желіден ажыратып қою керек.

■ Жарықтандырғышты жұмысқа дайындау

Жарықтандырғышты 5/8" стандартты адаптері бар тіреуге орнатыңыз немесе бекіту жүйесіне асып қойыңыз және бекіткішпен бекітіңіз. Бекіткіш тұтқаларды төмен түсіріп, жарықтандырғыш көлбеуінің бұрышын реттеңіз және оларды қайта тартып бұрап тастаңыз. Жайғасымның бекіткіш тұтқасын жарықтандырғышты қажетті бағытқа бұру үшін пайдаланыңыз.

Қуаттандыру кәбілі кіріс желілік ағытпаға, шығыс желілік ағытпаны желігін басқа жабдықты қосу үшін пайдалауға болады. Басқару жүйесінің кәбілдерін құрылғының DMX ағытпаларына қосыңыз.


Жарықтандырғыштың қуатын ажыратқышпен іске қосыңыз.

■ Жиынтықталуы

- Студиялық жарықдиодты GreenBean Fresnel X3 DMX жарықтандырғышы
- Бекіткіш кронштейн (лира)
- Сегіз күлтелі пердешелер
- Қуаттандыру кәбілі 220 В
- Пайдалану жөніндегі нұсқаулық және кепілдік талоны


Жарықтандырғыштың құрылымы

1-сур.



- | | |
|---|-------------------------------------|
| 1. Пердешелер | 9. Лираның кронштейні |
| 2. Алдыңғы қақтақтың құлпы | 10. Жарықтандырғыш қуатын ажыратқыш |
| 3. Френель линзасы | 11. Қуаттың кіріс ағытпасы |
| 4. Желдеткіш саңылаулары | 12. Қуаттың шығыс ағытпасы |
| 5. Линза-конденсоры бар жарықдиодты матрица | 13. Фокустаудың тұтқасы |
| 6. Жарықтандырғыш еңкеюін бекіткіш | 14. Сыртқы қуаттың ағытпасы |
| 7. басқару панелі (2-сур.) | |
| 8. Лира | |

2-сур. Басқару панелі



- | |
|---|
| 1. DMX кіріс ағытпасы |
| 2. DMX шығыс ағытпасы |
| 3. Ақпараттық дисплей |
| 4.«Confirm» - таңдауды растау батырмасы |
| 5.«Set» - параметрді таңдау батырмасы |
| 6.«-» - мәнді үлкейту батырмасы |
| 7.«+» - мәнді азайту батырмасы |
| 8. «Brightness» жарықтылық диммері |

Берік алюминий корпусты пайдаланудың арқасында жарықтандырғыш механикалық әсер етулерге төзімді. Арнайы желдеткіш саңылаулар тиімді салқындату үшін қызмет етеді. Лираның құрылымы жарықтандырғышты монтаждық фермаларға асуға, еңкею бұрышын және панорамалауға өзгертуге мүмкіндік береді. Лираның 5/8" монтаждық төлкесі бұрандалы бекітішпен және қосылысты бұғаттайтын сақтандырғышпен жабдықталған. Жылдам шешілетін сегіз күлтелі металл пердешелер жарық шоғырын шектейді, бұл түсірім объекінде жарық агент алуға немесе камера объективінің қалаусыз жарық берілуіне жол бермеуге мүмкіндік туғызады. Жарықтандырғышқа пердешелерді орнату үшін жарықтандырғыштың алдыңғы қақпағынан жоғарғы ұстағышты шешіп алу (бір бұрандамен бекітіледі) және пердешелердің дөңгелек жақтауын ойықтарға кіргізіп, содан кейін ұстағышты орнына орнату жеткілікті.

Осы үлгінің ерекшелігі болып асфералық линза-конденсор табылады, ол Френель линзасына жарықдиодтан берілетін жарық ағынының 97% дейін жібереді және жарықтандырғыштың тиімділігін жоғарлатады. Френель линзасы жарық ағынының сынуын және шоғырлануын қамтамасыз етеді. Жарық шоғын фокустаудың механизмі асфералық линзасы бар жарықдиод блогын Френель линзасы өсі бойымен жылжытады, осының арқасында жарық шоғының ені реттеледі. Фокустаудың бұрамдық механизмі аспап корпусының артқы қабырғасындағы жетектің тұтқасын айналдырумен іске қосылады.

Жарық көзі ретінде қуаты 150-ден 300 Вт жарықдиод қызмет етеді (кестені қар.). Fresnel LED X3 DMX сериясында 5500K±200K түстер температурасы мен түс жіберудің жоғары индексі CRI>93 бар жаңа жарықдиодтар пайдаланылады, бұл түстік реңктердің дұрыс берілуін қамтамасыз етеді және осы көзді өзінің қасиеттері бойынша табиғи жарықтандыру көзіне жақындатады. Жарықдиодты жарықтандырғыштар сенімділікпен және жарық көзінің ұзақ қызмет ету мерзімімен ерекшеленеді. Электр энергиясын үнемдеу 90%-ға дейін құрайды. Жарықдиодты жарықтандырғыштар, галогенділерге қарағанда, артық жылу энергиясын көп мөлшерде сәулелендірмейді. Бұл беті үлкен көлемді алюминий радиаторға орнатылған жарықдиодты мәжбүрлеп салқындату үшін қуаты өте төмен және, тиісінше, шуы төмен деңгейлі желдеткішті пайдалануға мүмкіндік береді. Жарықтандырғыштың артық қызып кетуден кіріктірілген зияткерлік қорғанысы бар, ішкі температура максималды мәннен асып кеткенде жарықдиод автоматты түрде сөнеді, бұл ретте цифрлық дисплей мен желдеткіш жұмысын жалғастыра береді. Жарықдиодтың температурасы төмендегенде ол автоматты түрде іске қосылады.

DMX басқаруды Fresnel LED X3 DMX қолдайды. Жүйенің басқару кәбілдері DMX сигналдың кіріс және шығыс ағытпаларына қосылады. Аспаптың басқару панелі DMX протоколы бойынша жарықты басқару жүйесіне жарықтандырғышты бейімдеу үшін басқару мен бақылу органдарын қамтиды, басқару арнасының нөмірі мен жарық ағыны қуатының параметрі бұл ретте СК дисплейде көрсетіледі. Аспап жарықты 0-ден 100% дейін бірқалыпты, түсті бұрмаламай реттеуге мүмкіндік береді (қуат индикациясы 0-ден 255 дейін).

42 В DC (25) ағытпасы жарықтандырғышты арнайы 32+42 В түрлендіргішке (бөлек сатып алынады) қосуға арналған. Қуаттандыру кәбілі түрлендіргіш жиынтығында бар.

■ Негізгі сипаттамалары

	150 LED X3 DMX	150 LED X3 DMX	150 LED X3 DMX
Жарықдиодтың қуаты	150 Вт	200 Вт	300 Вт
Түстер температурасы	5500K+/-200K		
Жарық ағынының қуатын реттеу	бірқалыпты, 0÷100%		
Жарықтандырғыш жұмысын басқару	DMX 512, басқару панелі		
Жарық сәулесі ашылуының бұрышы	15°... 55°		
CRI түс беруінің индексі	≥93		
Жарықдиодтың ресурсы	>50000 сағ		
Френель линзасының диаметрі	175 мм		
Жарықтандырғыштың көлбеу бұрышы	-90°÷+90°		
Электр қуаттануы	50 Гц, 100-240 В		
Салқындату жүйесі	белсенді, температура бақылауы, шуы төмен кіріктірілген желдеткіш		
Пайдаланған кездегі ауаның температурасы	0°C...+35°C		
Бекітпенің өлшемі	5/8"		
Корпус материалы	алюминий қорытпасы		

■ Сақтау, техникалық қызмет көрсету және кәдеге жарату

Аспапты құрғақ, таза 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылығы бар ұй-жайда сақтаңыз. Жоғарлаған ылғалдылық жарықтандырғыштың металл бөліктерінің жемірілуіне әкелуі мүмкін.

Ұзақ уақытқа сақтауға қояр алдында немесе сақтағаннан кейін пайдаланар алдында, салқындату жүйесінің желдеткіш саңылауларына ерекше назар аударып отырып, аспапты тазалау қажет. Тазалауды бастар алдында аспап желіден ажыратылғанына және салқындатылғанына көз жеткізіңіз. Аспапты бензин немесе еріткіштер сияқты химикаттардың әсеріне ұшыратпаңыз. Егер ластануды кетіру қолдан келме жатса, тек қан бейтарап сұйық немесе аэрозольді тазартқыш құралдарды пайдаланыңыз. Аспапақа жұмсақ сулықтың көмегімен күтім жасаңыз.

Жылына бір рет немесе майлығыштың кеуіп қалуына байланысты бұрамдық бұранданы және жарықдиодты радиаторының матрицасы бар жылжымалы блоктың бағыттауышын майлау қажет. Алдыңғы қақпақты ашыңыз, жылжымалы блокты шеткі артқы жайғасымға орнатыңыз және бұрамдық бұранда мен бағыттауыш өске майлағыштың болымсыз мөлшерін жағыңыз. Қызуға бейім тораптарға арналған қоюланған майлағышты пайдаланыңыз.

Өндірушінің қаптамасында көліктің кез келген түрімен механикалық зақымданулардан, сонымен қатар ылғалдың түсуінен және әсер етуінен қорғалған жағдайда тасымалдауға болады.

Пайдаланылған немесе істен шыққан электрлік және электрондық бұйымдарды тұрмыстық қалдықтардан бөлек кәдеге жарату керек. Бұндай бұйымдардың құрамында қауіпті заттар болуы мүмкін, сондықтан ескі жабдықты кәдеге дұрыс жарату қоршаған орта мен адам денсаулығы үшін ықтимал теріс салдардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Сіз электрлік және электрондық жабдықтың қалдықтарын қабылдайтын ең жақын пункті туралы толық мәліметтер алу үшін жергілікті өзін-өзі басқару органдарына хабарласа аласыз.

■ Кепілдікті міндеттемелер

Бұйымды пайдаланудың кепілдік мерзімі бөлшек желісі арқылы сатылған күннен бастап 12 ай құрайды.

Кепілдік құрылым мен материалдардың ақауларына қолданылады. Кепілдікті міндеттемелер тегін жөндеуді немесе жөндеуді жүргізу мүмкін болмаған жағдайда сауда желісінде сатып алынған өнеркәсіптік тауарларды айырбастаудың қолданыстағы ережелеріне сәйкес тауарды жаңаға, бірақ тауардың каталогтық құнынан аспайтынға ауыстыруды қамтиды. Тегін жөндеу сатушы ұйымның мөртабаны, оның мекенжайы, бұйымның сатылғаны туралы белгісі бар және сатушының қолы қойылған кепілдік талоны (қосымшада) ұсынылғанда жүзеге асырылады. Дүкеннің мөртабаны немесе сатылған күні болмағанда бұйымның жұмысына наразылықтар қабылданбайды және тегін жөндеу жүргізілмейді. Кепілдік қате пайдаланудан немесе тауарға қызмет көрсету ережелерін сақтамаудан туындаған бұзылулар және/немесе ақауларға қолданылмайды.

Кепілдік келесі жағдайларда өзінің күшінен айырылады:

- жөндеудің рұқсат етілмеген талпыныстарда немесе құрылымға өндіруші зауыт қарастырмаған өзгерістерді енгізгенде,
- пайдалануда немесе тасымалдағанда пайда болған механикалық зақымданулар (жаншылулар, сызаттар және т. б.) бар болғанда,

- құрылғының ішінде бөгде заттардың (су, лас, жәндіктер және т. б.) түсуінен туындаған бұзылулар бар болғанда,
- жоғары температураның, оттың, ылғалдың, жәндіктердің, жануарлардың әсер етуінен алынған зақымданулар бар болғанда,
- бейстандартты шығыс материалдарды және қосалқы бөлшектерді пайдаланудан туындаған зақымданулар бар болғанда.

КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ

Бұйым: Жарықдиодты жарықтандырығыш
GreenBean Fresnel LED X3 DMX

Үлгісі: Fresnel 150 LED X3 DMX/
Fresnel 200 LED X3 DMX/
Fresnel 300 LED X3 DMX
(қажеттінің астын сызу керек)

Сатушы ұйымның атауы, мекенжайы

Сатылған күні « » _____ 20__ ж.

Сатушының қолы

www.gbvideo.ru
www.youtube.com/c/GreenBeanTV
www.vk.com/gb_video

EAC



Өндіруші: Венжоу Чангченг Фото-Фасилити Ко., Лтд.,
№5 Юченг Род, Югуанг Гарден, Венжоу Хи-теч Зоне, 325000, Венжоу,
Қытай, тел.+86-0577-88609865

Еуразиялық экономикалық одақ аумағына импорттаушы:

«Наблюдательные приборы» ЖШҚ

197198, Санкт-Петербург қ., Малая Пушкарская к-сі, 4-6-үй, лит.А, 2Н-үй-жай
тел.+7 (812) 498-48-88

Жабдықтың шығарылған күні жеке қаптамасында көрсетілген, Айы Жылы

Бұйым ҚР аумағында сертификаттаудан өтті



Өндіруші кәсіпорын ISO 9001 сапа менеджментінің халықаралық жүйесінде
сертификатталған